

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ ЖӘНЕ  
ӘЛЕУМЕТТІК ДАМУ МИНИСТРЛІГІ**

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН МЕМЛЕКЕТТІК ФАРМАЦЕВТИКА АКАДЕМИЯСЫ**

**«Гигиена – 1 және эпидемиология» кафедрасы.**

**Пән: «Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы»**

**Мамандық: 5В 110400- «Медициналық-профилактикалық іс**

**Дәріс №17**

**Тақырыбы: Қазіргі заманға сай мектептен тыс  
мекемелерді жоспарлау және құрылыс жүргізуде  
қойылатын гигиеналық талаптар.**

**Лектор: Жумадилова Ақмарал Рахматуллақызы**

**Шымкент 2016 ж.**

# Жоспар:

1.Кіріспе

2.Негізгі бөлім

А) Балалар және жасөспірімдердің жазғы сауықтыру мекемелерінің жоспарлануына, санитарлық жағдайына қойылатын

Б) Жер аймағы мен ғимарат бөлмелеріне қойылатын талаптар

3. Қорытынды

4. Пайдаланылған әдебиеттер

# Кіріспе

Жазғы мезгіл жас балаларға, бүлдіршіндерге және барлық өсуші талаптағыларға сауықтыру жұмыстарын жүргізуге өте қолайлы екені белгілі. Негізгі санитарлық жұмысты ұйымдастыру тәртібі барлық жазғы салауаттандыру лагеріне қойылады. Барлық салынып жатқан жазғы салауаттандыру орындарды санитарлық талаптар мен ережелерге сүйенуі керек.

# **БАЛАЛАР ЖӘНЕ ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ЖАЗҒЫ САУЫҚТЫРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ ЖОСПАРЛАНУЫНА, САНИТАРЛЫҚ ЖАҒДАЙЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

Ұжымның басшылары балалар лагерінің санитарлық-эпидемиологиялық қызметінің ғимараттар жоспары бойынша барлық талаптарын орындауы керек. Балалар салауаттандыру лагерлері екі топқа бөлінеді:

- 1) сыйымдылығы 330 балаларға арналған жеке лагерь;
  - 2) сыйымдылығы 690 балаларға арналған топтық лагерь;
- 6-9 жастағы (25 баладан аспауы керек) 10-14 жастағы (30 баладан аспауы керек)

Жазғы салауаттандыру лагерлері ашылмастан бұрыш арнаулы комиссия құрылады. Комиссия құрамында санитарлық эпидемиологиялық станцияның дәрігері, өрт сөндіру техникалық және шаруашылық ұйымдарының қызметкерлері бірігіп акт толтырады. Лагерь аумағына санитарлық эпидемиологиялық қызметінің рұқсатынсыз кіруге тиым салынады, 317/у құжатында көрсетілген. Салауаттандыру аймағында қызметкерлердің тұрғын үй, жеке көлік тоқтайтын автоаялдамалар арналған аймақ болып бөлінеді. Негізгі құрылыс аймағы төмендегідей функционалдық алаңдардан тұрады: тұрғын-үй, мәдени – тұрмыс, денешынықтыру-салауаттандыру, әкімшілік-шаруашылық, техникалық. Негізгі құрылыс аймағы биіктігі 0,9м-ден кем болмайтын қорғанмен қоршалып, оған кіретін екі жол - негізгі және шаруашылық жолдары қарастырыл ады.

- Қызмет етуге арналған аймақта қазандық, кір жуатын орын, жеке тазарту құбыры бар көлік тұрағы, кекөніс сақтайтын орын, қоймалар, шеберханалар, қыста есімдік өсіретін орын орналасады. Аймақ негізгі құрылыстын жел жағында орналасып, айналасы қоршалған және балалар бара алмайтындай болуы керек. Жасыл желектердің ауданы негізгі құрылыстың 60%-нан кем болмауы керек және барлық функционалдық алаңдар біркелкі көгалдандырылады. Тікені бар бұталы өсімдіктерді өсіруге тыйым салынады.

□ Негізгі құрылыс аймағының ауданын 1 орынға 150-200м<sup>2</sup> есебінен алады. Аймақта денешынықтыру-салауаттандыру алаңы қарастырылады, оның ішінде міндетті түрде волейбол бадминтон, стол теннисі, жеңіл атлетика, ұзындыққа және биіктікке секіретін алаңдар, жүгіретін жолдар болуы керек. Оған қосымша футбол, теннистік корт, спорт ойындарына арналған алаңдар және т.б. орналастыруға болады. Спорт және ойын алаңдарында төмендегі ережелерді сақтау қажет: а) балалар міндетті түрде спорттық киімде болуы; б) балалардың спорт заттары мен құралдарын дұрыс пайдалануды, қауіпсіздік ережелерін сақтау жағдайын жақсы білуі; в) ауа-райы құрғақ кездерде, алаңдарға сабақ басталардан 20 минут бұрын су шашып шаңын басу.

- Негізгі құрылыс аймағында 100 балаға 1 кран есебінде су ішетін фонтандар болуы керек.
- Қоқыс жинастыру үшін арнаулы бетондалған аланшалар белініп, оған бетінде қақпағы бар қоқыс салғыш қойылады.
- Суға түсетін жердің алаңын таңдау, балаларды салауаттандыру лагерлеріне арналған 1997 ж. Санитарлық талаптарға сәйкес жүргізіледі. Бұл аймақ порттардан, шлюздерден, ГЭС-дан аулақта және лас су қосылатын жерлерден 500м жоғарыда орналасуы керек. Суға түсетін орындарды су көздерінің және өндіріс орындарының санитарлық- қорғаныш аумағының бірінші белдеулерінде орналастыруға тыйым салынады.



- Суға түсуге арналған орынның жағасы төмпешік, шұңқырлары жоқ, жазық болады. Балалар түсетін судың тереңдігі 1,3 м, су ағысының жылдамдығы 0,5 м/сек-тен жоғары болмауы керек. Судың түбі өткір заттардан, тастардан өсімдіктерден, ағаш түбірлерінен тазартылған, таза құмды болуы тиіс. Жағасына күн кезінен тасада орындық, ағаш төсектер орналастырылады,
- Суға түсетін орынның ауданы 1 адамға 4м<sup>2</sup>, ал жалпы ауданы лагерь сыйымдылығының 50%-ын қамтиды. Аймағы киім ауыстыруға арналған кабиналармен (50 адамға 1 кабина), дәретханалармен (суға түсетін жерден 20 м қашықтықта орналасқан), дене жуатын кабиналармен (40 адамға 1 кабина), су ішуге арналған фойтанмен жабдықталынып, одан ағатын судың биіктігі 15-20см аралығында, ал судың сапасы ауыз суға арналған 3.01.067-97 СанТменЕ-ге сөйкес болуы керек.

- Бассейндегі су тұрақты түрде тазартылып, залалсыздандырылып отырады және ондағы коли-индекс 10-нан, жалпы микробтардың саны 100-ден, тотығу жағдайы 4мг/л және аммиак сақталу 0,05мг/л-ден жоғары болмауы тиіс. Суды залалсыздандырудың негізгі тәсілі - хлорлау мен бромдау.
- Суға түсетін жерді пайдалану кезінде негізгі хлордың концентрациясының деңгейі 0,5 мг/л -ден аспауы керек, түнде 1,5 мг/л дейін жоғарылатуға болады. Ауыз қуысының кілегейлі қабатына зақым келтірмейтіндіктен суды бромдау тәсілін пайдалануға болады. Осы мақсат үшін 5,5-диметил мен 1,3 дибромгидонтоинді пайдалану ұсынылады. Қалдық бромның концентрациясы 0,7-1,2 мг/л деңгейінде болуы керек, ал түнгі уақытта 2,0 мг/л көтеруге болады.

- Лагерь ғимараты мен құбырларына қойылатын санитарлық талаптар:
- 1. Тұрғын үй ғимараты 2 қабаттан жоғары болмауы тиіс. Демалыс аймақтарда санитарлық эпидемиологиялық қызмет орындары мен өрт бақылау ұжымдарының келісімімен лагерьді 3 қабатты етіп жобалауға болады.
- 2. Ғимараттың тұрғын бөлмелерінің терезелерін көкжиектің солтүстік аймағының 70-200 дейінгі кеңістігіне бағыттау қажет. Палаталық бөлмелерге лагерьдің жалпы сыйымдылығының 20% -ның есебінен алынған ересек жастағы балалар орналастырылады.
- 3. Бір ғимаратқа 4 топ орналаотырылып, оның әрқайсысы қажет бөлмелердің жиынтығын толық қамтамасыз етіліп аймаққа шығатын жеке есіктері болуы қажет.

- 4. Лагерьде міндетті түрле медициналық қызмет көрсету орны мен оқшаулатқыш жұмыс істеуі керек. Медициналық қызмет көрсету орнында дәрігердің бөлмесі, тіс дәрігерінің бөлмесі, егу белмесі мен дәретхана қарастырылады. Оқшауланған палатадағы төсек саны лагерьдің жалпы сыйымдылығының 20%-ы есебінен алынады.
- 5. Лагерьдің асхана орны барлық балаларды бір мезгілде тамақтандыруға есептелінеді, бірақ есептелген орынның саны 120-дан аспауы керек.

- 6. Лагерь ғимараты шаруашылық су, ауыз су және ыстық су, тазалау құбыры жүйелерімен қамтамасыз етілуі тиіс. Ауыз су 3.01. 067-97 СанТмЕ-не сай болуы керек. Су шығынының мөлшері тәулігіне бір орынға 130 л есебінен. оның ішінде 40 л ыстық суға есептелінеді.
- Орталықтындырылған тазалау құбыры болмаса лас суларды, тазартып шығаратын жеке жүйелер орналастыруға болады. Су өткізбейтін терең шұңқыры бар аулалық дәретханаларды тұрғын үй мен асханадан 50 м қашықтықта орналастырылады және 75 балаға бір орын есебінен алынады.

- 7. Лагерьдің негізгі бөлмелерінің бәріне табиғи жарық түсуі тиіс. Асхана қоғамдық мәдени бөлмелеріндегі табиғи жарық коэффициенті 1%, ал тұрғын бөлмелерде 0,5%-дан кем болмауы керек. Жасанды жарық ретінде люминисцентті шамдарды пайдалану ұсынылады.
- 8. Бөлменің төбесі, қабырға, едені ылғалды тазартулар жүргізуге, залалсыздандыруға кететіндей тегіс болады. Негізгі бөлмелерді жарық беретін ашық түстермен бояп, ал өндірістік қоймаларға арналған бөлмелерді 1,5-1,8м биіктікке дейін су өткізбейтін материалдармен қаптайды.
- 9. Лагерьдің құрал-жабдықтары, жиһаздары балалардың жас, бой ерекшеліктеріне сәйкес келуі тиіс. Ұйықтауға арналған бөлмелерді қосалқы төсектермен жабдықтауға тыным салынады.

## □ Жер аймағы мен ғимарат бөлмелеріне қойылатын талаптар

□ Бұл бөлімге арналған талаптар төмендегі ережелерден тұрады:

□ 1. Лагерьдің барлық бөлмелерін күнделікті жуғыш заттарды (сабын, сода, т.б. синтетикалық жуғыш заттар) пайдалану арқылы жуып, тазартып тұрады. Ұйықтауға арналған бөлмелерді күніне екі рет (түнгі және күндізгі ұйқыдан соң) тазарту керек. 10 жастан бастап ұйықтайтын бөлмелерді тазалауды балалардың өздері жасайды. Лагерьде әрбір ауысымнан кейін еденді, қабырғаны, есік, терезені жуып, жылу жүйелерін, жарық арматураларына т.б. жалпы тазарту жұмыстары жүргізіледі. Мұнда залалсыздандыру заттарынан 0,5-1,5% хлорамин немесе хлорлы әк ерітіндісін, 0,5% натрий гипохлорид ерітіндісін т.б. пайдаланылады.

- Жаңа ауысымның басында төсек-орын заттарын (көрпе-жастық) желдету үшін таза ауаға шығарып жаяды. Жылына бір рет оларды химиялық залалсыздандырудан өткізеді. Жұқпалы аурулар пайда болса 0,5%-дың хлорамин ерітіндісіне батырылған ысқышпен тазартады, вирусты гепатит ауруы шықса залалсыздандыру камерасында өнделеді.
- 2. Еденді, қабырғаны, жуынатын бөлменің, кір жуатын бөлме мен дәретханалардың есік-тұтқаларын жуғыш заттар қосылған ыстық сумен жуады (еденді күніне үш мезгіл тазартып отыру қажет). Унитаздарды күніне екі рет жуғыш заттарды пайдалану арқылы тазартады.



- 3. Күл-қоқыс жинағыш көлемнің 2/3 бөлігі толғанда тазартылып, хлорлы өкпен залалсыздандырылады.
- 4. Асхананың барлық бөлмелерін күнделікті, ал тамақтану орнын әрбір тамақ ішіп болған соң ылғалды тазарту жүргізіледі.
- Аптасына бір рет жалпы тазарту жүргізіледі, ал әрбір кезең аралығында барлық бөлмелер мен құрал-жабдықтар залалсыздандырылады.
- 5. Жуып-тазалау жұмыстарына арналған құрал-саймандар белгі салынған және әрбір бөлмеге арналған болуы керек. Дәретханаларды жуып тазартуға арналған құралдарды ерекше бояулар (қызыл, ашық қызыл т.с.с.) арқылы бөліп, бөлек арнаулы орында сақтайды. Залалсыздандыру 0,5%-ды хлорлы әк ерітіндісімен жүргізіледі.

- 6. Лагерь аймағы таңертеңгі тұратын уақыттан 1-2 сағат бұрын және ластануына байланысты күні бойы мезгіл-мезгіл тазартылып отыруы керек. Қоқыстар мен қалдықтарды аумақта өртеп жіберуге тыйым салынады. Ай сайын құм жәшіктеріндегі құмды ауыстырып, әр кезеңде бір рет ішек күрт жұмыртқаларына тексеру жүргізіледі;
- 7. Аптасына бір рет төсек жаймаларын ауыстырып, моншаға апару ұйымдастырылады. Кірленген бұйымдарды арнаулы бөлек бөлмеге жинап, оларды жууға жіберерден бұрын залалсыздандырады.

- Тамақтануды ұйымдастыру. Лагерьдің асхана сыйымдылығына қарамастан, тағам даярлауға арналған цехтардың толық жиынтығы болуы керек. Асханаға қойылатын талаптар қоғамдық тамақтану орындарына арналған санитарлық ережелерге сәйкес болады.
- 1. Тағамдық заттарды өндіруге арналған үстелдер тұтас металдармен (тот баспайтын болат, дюралюминий) қапталған болуы тиіс. Шикі ет пен балықты өңдеу үшін мырышты темірмен қаптауға рұқсат етіледі. Шикі және даяр тағамдарды өңдеу үшін жеке үстелдер, пышақтар және ағаштардын қатты түрінен жасалған тақтайлар пайдалынады.

- Пышақтар мен тақтайлар, жеке тағамдардың түрлеріне қарай арнаулы белгілермен (ШЕ-шикі ет, ПЕ-піскен ет, ШБ-шикі балық, ПБ-піскен балық, ШК - шикі көкөністер, Н- нан т.с. с.) белгіленеді. Осы белгілеріне сәйкес шикі және даяр тағамдарға арналған технологиялық жабдықтар қажет. Осындай құрал-саймандардың барлығы жұмыс соңында жуғыш заттармен жуып, тазартылады.
- 2. Азық-түліктерді тасуға арналған көліктердің жарты жылға берілген санитарлық куәлігі болу керек. Онда автокөліктің нөмірі, көлік жабдықтарының санитарлық жағдайына жауапты адамның аты-жөні, оған санитарлық киімдер берілгені туралы жазылады. Мұндай көлік күнделікті тазартылады, оны басқа мақсат үшін пайдалануға болмайды.

- 4. Қала сыртындағы лагерьлерде 5 рет тамақтану ұсынылады, мұнда ақуыз, май және көмірсутегілердің қатынасы 1:2:2:4, ақуыздың 50-60% жануар тектес, майлардың 20% өсімдік тектес болуы керек. Тамақтың құндылық мөлшері бойынша: таңертеңгі асқа 25%, түскі асқа 35%, сәскелік асқа 15%, кешкі асқа 20%, және ұйықтар алдында (айран) -5%-ға бөлінуін қарастыру қажет.
- Қала сыртындағы лагерлер үшін сұрыптама мәзірді апталық үлгі-мәзір негізінде құрастырады. Тамақ мөлшеріне ащы тұздықтар, желкек, бұрыш, сірке суы, қыша қосуға болмайды. Тәтті тағамдар мен сусындарды аскорбин қышқылымен дәрмендеу тәуліктік қажеттіліктід 35% есебінен (тағамға күніне бір рет 20-25мг қосу) жүргізіледі.

- Салауаттандыру орнының балаларға тиімділігін бағалау, демалыс кезеңінің басында және аяғында жүргізілген екі медициналық тексеру мәліметтерін салыстыру арқылы жасалады. Мұнда төмендегі мәліметтер анықталады:
- 1. Баданың дене бітімінің дамуы. Бұл үшін Кетле көрсеткіші пайдаланылады, яғни дене салмағының(кг) бой ұзындығына (м) қатынасы; Көрсеткіштің шамасы төмендегідей болып келеді:
  - 6-8 жастағы балалар үшін -16;
  - 9-10жастағы балалар үшін - 17;
  - 11 жастағы балалар үшін - 18;
  - 12 жастағы балалар үшін - 19;
  - 13-14 жастағы балалар үшін - 20.

- Егер көрсеткіш екі бірлікке ұлғайса дене салмағы артық, егер екі бірлікке төмендесе, дене салмағы жеткіліксіз болып саналады;
- 2. Ағзаның қызметтік жағдайы. Ортостатикалық және Генчи сынамалары арқылы бағаланады;
- 3. Дене еңбегіне дайындық деңгейі.
- Бұлшық ет күші және бұлшық еттердің төзімділіктері динамометр арқылы алынған көрсеткіштер бойынша бағаланады. Бұлшық ет төзімділігін анықтау үшін бала динамометрді 5—7 секунд үзіліс жасай отырып, 5 рет қысуы керек. Соңынан динамометрдің бірінші және бесінші көрсеткіштері салыстырылады. Айырмашылық аз болған сайын жүктемеге төзімділік жоғары болады. Көрсеткіштерді демалыс кезеңінің басында және соңында салыстырады

## Қорытынды

Уақытша салынған ғимаратты жазғы салауаттандыру лагеріне қолданылатын болса, оның аймағында немесе алаңдарында мөлшерлік құжаттан ауытқулар болса, онда оны сол жердің санитарлық эпидемиологиялық қызметкерлері шешуге тиісті. Жазғы салауаттандыру лагерлері жаз айында және жыл бойы қолданылуы мүмкін. Жыл бойы қолданылатын жазғы салауаттандыру орындары балалардың демалуына қойылатын талапқа сай болуы керек.



## **Әдебиет:**

### **Қазақ тілінде**

---

#### **Негізгі:**

1.Иманалиев Ш.И. Балалар мен жасөспірімдердің гигиенасы ,-Алматы.

ҒЫЛЫМ

баспа орталығы.2008.

2.Неменко Б.А., Оспанова Г.К. Балалар мен жасөспірімдер гигиенасы.

Оқулық-Алматы «Ғылым».-2002.-300бет.

#### **Қосымша:**

1.Төлемісов А.М., Қасмақасов С.Х Қазақстан Республикасының мектеп жасындағы балаларының физикалық дамуын есептеу және бағалау әдісі. Әдістемелік құралы.- Алматы 2008.-230 бет.

2.Гигиена детей и подростков: Учебник(Под ред В. Кучма.-М.

ГЭОТАРМЕДИА,2008-480с.

3.Кучма В.Р Гигиена детей и подростков при работе с видео-дисплейными терминалами.-М. Медицина, 2000,-160с.

---

## Қорытынды сұрақтар:

1. Мектептен тыс мекемелерге не жатады?
2. Мектептен тыс мекемелер қанша уақытқа арналған?
3. Мектептен тыс мекемелердің барлық талаптарға сай болуына кім жауапты?

*НАЗАР  
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА  
РАХМЕТ!*

